



# SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igitan01@mail.ru • №14 (9568) 5 сәуір 2024 ж.

## Президент тапсырмасы:



Аймаққа жеке инвестиция тарту әкімдердің ең басты міндетінің бірі болуы керек. Жалпы, барлық мемлекеттік орган ел экономикасына мейлінше көбірек инвестиция тартуға баса мән беруге тиіс. Бұл – негізгі басымдық, олардың жұмысы да соған сәйкес бағалануы керек.



Еліміздегі өзекті мәселе – сыбайлас жемқорлық. Бұл – құрылыс саласын ғана емес, жалпы экономиканы дамытуға тосқауыл болатын фактор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаппай күресу қажет. Жұмысты жалғастыру қажет. Әсіресе, цифрландыруды белсенді түрде қолдану керек.



Ұялы байланыс нарығында олқылықтар көп. Қызмет сапасын әлі де жақсарту түсу керек. Мемлекеттің үлесін біртіндеп азайтып, басы артық шектеу және реттеу шараларын алып тастау қажет. Бұлар экономиканың барлық саласына қатысты маңызды міндеттер.



"Ұлттық компанияларды IPO-ға шығару мәселесін қайта қарау өте маңызды. Бұл істе негізгі мақсат – мемлекеттік активтердің тиімділігін арттыру. Корпоративтік басқарудың заманауи әдіс-тәсілдерін енгізу қажет.

## Мәдениеттің өркендеуіне – ізгі қадам

Алмалы ауылы ауданы-амыздағы іргелі мекендердің бірі. Бұл ауылдан түлеп ұшқан түлектердің арасынан өнер, білім, мәдениет саласында табысқа жеткен тұлғалар аз емес. Жуырда қайта жаңғыртудан өткен осы ауылдағы мәдениет үйі ашылып, ауыл мәдениетінің өркендеуіне ізгі қадам жасалды.



"Ауыл - ел бесігі" мемлекеттік бағдарламасы аясында бой көтеріп, 140 орынға лайықталған мәдениет үйі халықтың сұранысын толықтай жүзеге асырады деген сенім бар.

Жаңа ғимараттың ашылу салтанатында аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев ауыл тұрғындарын заман талабына сай бой көтерген мәдениет ошағының

ашылуымен құттықтады. Аудан басшысы жергілікті тұрғындар көптен күткен рухани орыннан болашақта әлемге танымал өнерпаздар шыға беруіне тілектестігін білдірді.

-Осынау мәдениет үйінің жаңғыртылуын тұрғындар көптен күтті. Руханият ордасының жаңаша жаңғыруына қолдау көрсеткен ау-

дан, облыс басшылығына ауыл тұрғындарының атынан алғысымды айтамын,-деді келесі кезекте сөз алған ауыл тұрғыны, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Садуақас Садықов.

Мәдени нысанда ауыл жастары мен жасөспірімдердің бос уақыттарын тиімді өткізуге барлық мүмкіндік қарастырылған, түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастыруға да қажетті жағдайлар жасалған. Нысанда домбыра, вокал, әжелер ансамблі, қолөнер, би үйірмелері жұмыс жасап, 10 штаттық бірліктен тұратын қызметкерлер де жұмыс жасайды.

Рухани қазынаға шөліккеп жүрген жандар үшін кітапхана да қарастырылып, 2 кітапханашы ауыл тұрғындары үшін қызмет атқаруда.

Салтанатты шара аудандық мәдениет үйі қызметкерлері дайындаған ән мен жырға ұласты.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

## Қатаң қадағалануда

Еліміздің бірқатар аймағында болған су тасқыны адамдардың өміріне қауіп төндіріп, зор материалдық шығындар келтірді. Алдын ала қамданса, қауіптің алдын алса мұндай апат болмас еді деген өкініш өзегімізді өртейді.

Күні кеше еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев шұғыл жиналыс өткізіп, Үкімет пен жергілікті билік өкілдерінің жұмысын қатаң сынға алды.

Табиғат апатының сын-қатеріне тап болған елдің қайғы-қасіретін бөліскен Мемлекет басшысы жауапты тұлғаларға қатаң сөгіс беріп, тез арада апат салдарын жоюды жүктеді. Сонымен қатар қайтыс болғандардың отбасына, зардап шеккен адамдарға материалдық өтем жасау да басты назарда болады.

Ел іргесі аман болса, кеткеніміз келіп, өшкеніміз жанбаса да, апат салдарынан туындаған ауыртпалық жеңілдейді, олқылықтың орнын толтыруға қам жасалады. Дегенмен жұртшылықты жылда дүрліктірмей су қоймаларының қауіпсіздігі, өзендердің арналарынан аспауы атқарушы билік тарапынан қатаң қадағалануы қажет. Кешегі жиындағы басты талап жұртшылық



тілегімен үндес.

Болмасты сөз қылмаушы ем дабыра ғып,  
Қызыл су жүрекке жүк, жаныма жүк.  
Тасқынға тосқын болар лаж таба алмай,  
Ауыл ағып барады, ауыл ағып.

Кім күткен қарғын деген қанды ауызды,  
Өңеші толмайтуғын жалмауызды.  
Қапыда қалғаннан соң қамсыз жұртым,  
Қидың ғой қарасуға мал-жаныңды.

Сақадай саймыз деген жиын қайда,  
Жалған сөз, жалған уәде тиылмай ма?  
Қап-қара әбжыландай ирелеңдеп,

Қашқан су гүрілдей ме, сарылдай ма?

Жағада керең билік бейғам қандай,  
Қарайды қолдан келер қайран болмай.  
Жататын жазда сусап құрөзектер,  
Алапат өзендерге айналғандай.

Апаттың қара бұлты түрілгесін,  
Баспана таппай қауым түңілмесін.  
Өткенге, кеткенге де салауат деп,  
Тамыры тіршіліктің үзілмесін.

Базбіреу жау кеткен соң тұлғасынып,  
Созбасын бітер істі ырғатылып.  
Дәрменсіз, әрекетсіз әкіміңнің,  
Кетпесін уағдасы суға сіңіп.

Жомарт ИГИМАН,  
Қазақстанның Құрметті журналисі.





# Кітапхана – ұлттың рухани азығы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жуырда Атырау қаласында өткен Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында кітапхана саласының маңыздылығын тілге тиек етті. Атап айтқанда «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр. Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек. Өздеріңізге мәлім, мен былтыр Түркістанда өткен құрылтайда елімізде тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу туралы айттым. Ондай кітапханалар көптеген елде бар. Менің тапсырмаммен Алматыда және Астанада көп ұзамай осындай тамаша ғимараттар бой көтермек. Жалпы, бұл саланы жетілдіру үшін басқа да ауқымды шараларды қолға алу қажет. Алматыда кейбір кітапханалар заман талабына сай жаңғыртылды. Онда жастардың шығармашылықпен айналысып, білімін ұштауына толық мүмкіндік

бар. Облыс әкімдері осы жақсы тәжірибені жалғастыруы керек. Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Мысалы, көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Бөріхан Нұрмұхамедов, Айдос Сарым, Данияр Әшімбаев бастаған құрылтай мүшелері осындай бастама көтерді. Мен олардың Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы ұсынысын қолдаймын. Бірақ оны мазмұнды етіп өткізу қажет. Мысалы, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, арнайы жәрмеңкелер өткізу қажет. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек, – деп өркениетке ұмтылудың төте жолын нұсқады.

Рас, бүгінде рухани асыл қазыналарымызды жас буынға жеткізуші алтын көпір – кітап пен кітапханалар. Өткен замандардың тұңғық тереңнен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де, басқа ғылым кереметтерін де кітапханадан табамыз.

Қазіргі таңда Сарқан аудандық кітапханасында 1-аудандық, 12 ауылдық кітапхана оқырмандарға қызмет көрсетеді. Қызмет көрсететін кітапханалар Сарқан аудандық, Лепсі, Екіаша, Қойлық, Көкжиде, Көктерек, Пограничник, Бақалы, Черкасск, Шатырбай, М.Төлебаев, Алмалы ауылдық кітапханалары бар.

«Қазақстан – 2030» бағдарламасында; «21 ғасырда білімсіз өмір сүру мүмкін

емес, халықты салауатты да, сауатты өмірге бағыттауымыз керек» делінген. Шын мәнінде бүгінгі ұрпақ, ертеңгі ел азаматтарына білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Кітап қоры рухани мұра болғандықтан, оны толық бүтін қалпында сақтап, келер ұрпаққа табыс ету кітапханашылардың қасиетті борышы. Кітапхана ұжымы үнемі өзінің ақпараттық қорын кеңейтіп, оқырмандарға қызмет көрсету деңгейін көтеріп, кітапхана қорын толықтыру барысындағы жұмыстарын жандандырып келеді.

Оқырмандарымыз жаңа өзгерістерді үйреніп қана қоймай, меңгерген білімдерін күнделікті тұрмыс-тіршілігіне де тиімді пайдаланады. Сондықтан оқырмандарымыз да замануи байланыс құралдарын, әлеуметтік желілерді де еркін қолданады. Осыған орай, WhatsApp, instagram, facebook, ВКонтакте желілеріндегі парақшалар арқылы өткізілген шаралар, түскен жаңа әдебиеттер және басқа да пайдалы ақпараттарды жедел ұсынып отырады. Бүгінде кітапханаларға тек «кітап алу үшін ғана барады» деп ойлау – ескірген көзқарас. Өйткені бүгінгі оқырман жан-жақтылықты талап етеді.

Оқырмандарды қоғамдық жұмыстар мен мәдени іс-шараларға тарту мақсатында кітапхана жанынан «Жас қалам», «Адал ұрпақ» «Өлкетану» мәдени, әдеби клубы жұмыс жасайды.

Мұнда түрлі сипаттағы кездесулер, тренингтер, пікірталастар мен іс шаралар ұйымдастырылады.

Қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін кітапханашы мамандығы туралы бір ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес. Кітапханашы оқырманның сұраған кітабын тауып беруші ғана емес, көптеген маңызды жұмыстардың көшбасшысына айналды. Бүгінгі заманға сай күнделікті ақпарат ағынын оқырманға жеткізуші, кітапхананың бай қорын сақтаушы, насихаттаушы, түрлі іс-шаралар мен әдеби кештерді ұйымдастырушы. Қазақстанда ресми түрде бекітілген атаулы көптеген мен белгілі ақын-жазушылардың, ғалымдардың мерей тойларына арналып тақырыптық көрмелер ұйымдастырушы, әр оқырманның талап-тілегіне сай бағыт-бағдар беруші, кітап пен кітапхананы, ұлттық құндылықтар мен оқырман арасын жалғастырушы да кітапханашылар.

Көрнекті жазушы Оралхан Бөкей бір сөзінде: «Адамға ауа қандай қажет болса, кітапхана да сондай қажет» деп айтқан. Бүгінде ғылыми-техникалық прогресс пен адамзат өркениеті қаншалықты жедел қарқынмен дамып жатса да кітапхананың, кітаптың орны қашанда бөлек деп айта аламыз.

**Г.МУХАМЕТКАЛИЕВА,**  
Сарқан аудандық орталық кітапханасының директоры.



## Жетісу - кіман керуені

**Кітап туралы әңгіме қозғағанда «Жақсы кітап оқымайтын адамның кітап оқи алмайтын адамнан еш артықшылығы жоқ» (Марк Твен), «Жақсы кітап — ақылды адамның әңгімесімен бірдей» (Лев Толстой) деген ұлылардың ұлағатты сөздері ойға оралады.**

Биыл жыл басынан Сәкен Сейфуллин атындағы Жетісу облыстық кітапханасының бастамасымен «Жетісу - кітап керуені» атты рухани шара жүзеге асырылуда. Жетісу қаламгерлерінің кітаптары Астанаға, Алматыға, Абай облысына жол тартып, кітап насихаты кеңінен өріс алды. Бұл жоба облыс аудандары арасында жалғасын тауып, жергілікті қаламгерлердің төл туындылары көршілес аудан оқырмандарына да қолжетімді болуда.

Осы мақсатпен Сарқан аудандық кітапханасы Көксу ауданы оқырмандарымен жүздесті. Аудандық кітапханада өткен жүздесу барысында Көксу ауданының қазына қарттары, жастар өкілдері сарқандық авторлардың шығармаларымен танысты. Сарқандық делегацияны Жетісу облысының Құрметті азаматы Наурыз Қылышбаев, Көксу аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлау Бәзілов, аудандық кітапхана ұжымы қарсы алып, жүрекжарды тілектерін ортаға салды. Сарқан аудандық кітапханасының директоры Гүлнар Мұхаметқалиева, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жомарт Игіман көксулықтардың қабылдауына ризашылығын білдіріп, аудан қаламгерлерінің туындыларын сыйға тартты.

Өз тілшіміз.

## Мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізіліп жатқандығын айта келе - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі. Осы жұмыста ешқандай көзбояушылыққа, «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге жол берілмеуге тиіс. Талап қатаң болады. Қазақстан беделді халықаралық ГРЕКО ұйымына, яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобына мүше болды. Нормативтік актілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткізу институтының жұмысы жаңғырды. Қол астындағылардың жемқорлық әрекеттері үшін басшыларын қызметінен босату қағидаты енгізілді. Мемлекетіміздің осы бағытта қолға алған шараларын белгілі халықаралық агенттіктер атап өтуде. Дегенмен, біз бұған тоқмейілісіп отыра бермеуіміз керек, –деп қазіргі қоғамымыздағы басты кеселмен күрестің маңызын атап өткен болатын.

Рас, қанша тегеурінді күрес жүргізілгенмен сыбайлас жемқорлық жағдайларының саны әлі де азаймай тұр. Дер кезінде алдын алу және ескерту жұмысы жүргізілмесе, жемқорлық деген кесел көптеген адамның жарқын келешегіне балта шабуы әбден мүмкін. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнді күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын өлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру мақсатында Сарқан аудандық қазынашылық басқармасымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында жемқорлық әрекетінің алдын алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар тұрақты түрде жүргізілуде.

Ұлттық қауіпсіздік пен халқымыздың амандығы осы бағыттағы жүйелі әрі табанды шараларға тікелей байланысты. Негізгі мақсат – жемқорлықтың тамырына балта шабу, оны түбегейлі жою болғандықтан бұл іске барша қоғам болып жұмылуымыз керек. Бұл жұмысты еш созбалаңға салмай, қарқынды түрде жүргізу қажет. Сонда ғана жүйелі жұмыс жемісті нәтиже берері сөзсіз.

**Г.ТЛЕУБЕРЛИНА,**  
Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы.





# Ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің 2023 жылы көрсетілген мемлекеттік қызметтері

**Жер саласы бойынша:**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» № 301 бұйрығының негізінде, төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлері бойынша:

1. "Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту" 475 мемлекеттік қызметі көрсетілді.

2. "Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім беру" 6 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

3. "Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру" 2 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

4. "Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу" 75 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

5. "Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" 41 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

6. «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру»,

7. "Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау",

8. "Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру" мемлекеттік қызметтері бойынша 2023 жылы өтініштер түскен жоқ.

**Ауыл шаруашылығы техникалары бойынша:**

1. "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шасси-

лер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру" 50 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

2. "Тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдер, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру" 226 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

3. "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді

қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу" 216 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

4. "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін (залог ) мемлекеттік тіркеу" 29 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

## Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі басшылығының 2024 жылғы II тоқсанда азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орган атауы	Қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Елдар Жемісбеқұлы	Турсунов	Бөлім бастығы	Сарқан қаласы, М.Өуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Ринат Рафаильевич	Ахмаров	Бөлімнің бас маманы	Сарқан қаласы, М.Өуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы 12-Өрт сөндіру бөлімі	Ерік Серикович	Наупабаев	12-Өрт сөндіру бөлімінің бастығы	Сарқан қаласы, М.Өуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-15-65

Сенім телефоны: 8 /72839/ 2-24-43



### Болашаққа сыбайлас жемқорлықсыз!

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдар, жеке сектордың басшылары өз қызмет бабын жеке басының баюы, басқа адамдардың мүддесі үшін пайдаланғанда қоғамды да, мемлекетті де бұзатын әлеуметтік құбылыс.

Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Себебі, сыбайлас жемқорлық еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс екені анық.

Сыбайлас жемқорлық барлық мемлекеттерде тамырын тереңге жіберген. Сондықтан онымен күресу, тоқтаусыз, барынша қатал әрі нәтижелі түрде жүргізілуі тиіс. Жемқорлықпен күрес кез келген қоғам үшін әрқашан өзекті әрі ғаламдық мәселе болып отыр. Ал, онымен күрестің тиімділігін арттыру кез-келген мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық мәнге ие. Әсіресе, бұл серпінді дамып келе жатқан және бәсекеге қабілетті әлем елдерінің қатарына кіруді мақсат етіп отырған біздің еліміз үшін өте маңызды.

Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдарын және оның алдын-алу, жол бермеу мәселелері бойынша тек қана газет беттерінен оқып уақытша ойға берілмей, нақты бір шешім қабылдап, дамыған отыз елдің қатарына енуді және өзге мемлекеттерге үлгі болатын Қазақстан болуды алға мақсат қып қойып, сол үшін аянбай еңбек етейік!

**Е.ТУРСУНОВ,**  
Сарқан ауданы ТЖБ бастығы,  
азаматтық қорғау майоры.



## Парктер шеруі -2024

Жыл сайын ерекше аталып өтетін «Парктер шеруі» халықаралық табиғатты қорғау акциясы «Жоңғар - Алатауы» МҰТП РММ – де өз бастауын алды. Халықаралық табиғатты қорғау акциясы «Парктер шеруі» - табиғатты қорғауға, және ұлттық парктер мен қорықтардың беделін арттыруға бағытталған, үлкен маңызы бар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар арасында өтетін халықаралық экологиялық шара. Міндеті: мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді, табиғи қорықтарды, табиғи резерваттарды қолдау және қорғау мен қоғам назарын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелеріне аударып, іс жүзінде көмек көрсету, отандастар санасында өзіміздің табиғи және мәдени мұраларымызға деген мақтаншыты оятып, туған табиғатымызды қадірлеуге, оған қамқор болуға шақыру.

«Парктер шеруі» табиғатты қорғау акциясын жыл сайын 22 наурыздан бастап 5 маусымға дейінгі кезеңде мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік өңірлік табиғи парктер өткізеді.

«Парктер шеруі» акциясының басты мақсаты – ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың проблемаларына халықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік билік органдарының, бұқаралық

ақпарат құралдарының, кәсіпкерлердің назарын аудару және ұлттық табиғи парктер мен қорықтарға нақты практикалық көмек көрсету, әрбір жанның жүрегінде табиғатқа деген сүйіспеншілікті ояту, халықты экологиялық ағарту болып табылады.

**Парктер шеруінің міндеттері:**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жөнінде оң қоғамдық пікір қалыптастыру;

2. Биологиялық әртүрлілікті сақтау ісінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың рөлін жұртшылықтың түсінуіне қол жеткізу;

3. Халықтың экологиялық мәдениеті деңгейін арттыру, биологиялық әртүрлілікті сақтау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін сақтау және дамыту ісінде мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар мен жұртшылықтың қалың бұқарасын топтастыру;

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қаржылай қолдау үшін демеушілер іздестіру және қаражат тарту, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға ерікті риясыз көмек ұйымдастыру;

5. Бұқаралық экологиялық акция өткізу шеңберінде әртүрлі нысандарда халыққа экологиялық білім беруді, тәрбиелеуді және ағартуды ұйымдастыру.

«Парктер шеруі» халықаралық акциясының тарихы тереңнен тамыр



тартады.

Адам баласы тіршілік ететін табиғат, жер-ананы қорғау, аялау мақсатында жүргізілетін «Парктер шеруі» тарихы XIX ғасырдың 40 жылдарынан «Жер күні» деген атаққа ие болған. Бұл іс-шара Америка жерінен бастау алған. 1990 жылдардан бастап АҚШ-та қорғалатын аймақтарды қолдауға бағытталған бұл шара салмақты да салиқалы, тереңділігімен жоғары беделге ие болып, кейін оны «Парктер шеруі» деп атауды ұйғарған. 1995 жылдан бастап АҚШ-тың дәстүрлі мерекесі Ресей ұлттық бақтары мен қорықтары тарапынан қолдау тапса, 1996 жылдан бастап Қазақстанда мерекелене бастаған.

Ал, «Жоңғар-Алатауы» МҰТП -де «Парктер шеруі» табиғатты қорғау акциясы 2010 жылдан бастап өткізіліп келеді. Осы аталған табиғатты қорғау акциясына ат салысуға шақырамыз!

**М.АТАБАЕВА,**  
«Жоңғар - Алатауы» МҰТП РММ  
экологиялық ағарту инженері.



# Оқу үрдісіндегі жаңашыл әдіс - тәсілдер жарқын болашаққа бастайды

Қазіргі қоғамда ақпараттық мәдениет пен жаңашыл білім беруді ұйымдастыру аса маңызды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің бір сарындылығы баланы тез шаршатады. Сондықтан іс-әрекет формаларын түрлендіріп отырған дұрыс. Жаңа тақырыпты меңгерту кезеңінде балаға өтілетін материал тәңірегінде ақпарат беру, оның практикалық бағыттылығын түсіндіру, тақырып бойынша бақылау мен диагностикалау формалары жүзеге асады. Инновациялық технологияларды меңгеру педагогтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, шығармашылық, зерттеушілік т.б. қасиеттерінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді, әр педагог өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазақстанның бүгін білім беру жүйесінде жаңа инновациялық бағытты игерген, нақты тәжірибелік іс-әрекетте өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл, зерттеуші педагогтар аса қажет. Дәл осы сипаттағы педагогтың ең алдымен инновация туралы түсінігі болуы қажет. Қазіргі педагогикадағы инновация – білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді амалдар-

ды, құралдарды, жаңа тұжырымдарды жасап, оларды қолдану ретінде анықталады. Инновация құрал мен процесс ретінде қандай да бір жаңалық ендіру жұмыстарын көздейді.

Мысалға алатын болсақ, бала тұлғасы жалпыадамзаттық құндылық ретінде қарастырылатын, ізгілікті педагогика теориясында «жеке бағытталған оқыту», «жеке бағытталған тәрбие», «жеке көзқарас» сияқты түсініктер бар. Жеке бағытталған педагогика балалардың жеке тәжірибе жинақтап, олардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктері іске асырылатындай оқыту ортасын жасайды. Инновация деген қажеттілік қандай да бір мәселені шешу жолында туындайды. Кез-келген педагогикалық ұжым, кез-келген педагог инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыруға құқылы. Бірақ жаңашылдықты дайындау және ұйымдастыру барысында өзіне нақты міндет алуы тиіс, өйткені кез келген педагогикалық бастаманың нысаны бала екенін ұмытпаған жөн. Педагогтардың инновациялық әлеуетін дамытуда құрылған жоспар балабақшаның әдістемелік жұмысының инновациялық бағытына қатысты.

Әдістемелік жұмыс мазмұны ұйымның даму стратегиясына бағынышты болып табандылықтан, осындай әдістемелік жұмыс ұйымының даму стратегиясының іздену және айқындау құралы болып табылады.

Сондай-ақ тәрбиелеу мен білім беру ісіне отбасын тарту, ата-аналарды педагогикалық үрдістерге, жоспарлау мен ұйымдастыруға қатыстыру, ата-аналардың білім баспалдағы, негізі қаланатын бастауыш сыныппен тығыз байланыста болуы өте маңызды. Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдарды бастауышта балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Білім беру жүйесінде инновациялық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады.

**Дана ЖАПАРҒАЛИЕВА,**  
Абай атындағы мектеп –  
гимназияның бастауыш сынып  
мұғалімі.



## Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерейік

Жетісу облысы Сарқан аудандық соты әкімшісінің басшысы Аян Құрманғалиева «Мемлекеттік тілді қолдану» тақырыбында Сарқан аудандық полиция қызметкерлерінің қатысуымен дөңгелек үстел өткізді.

Іс-шара барысында құжаттарды мемлекеттік тілде сауатты дайындау және мемлекеттік тілде қаралатын істердің санын арттыру мақсатында туындайтын өзекті мәселелер атап айтқанда сот отырыстарының басым көпшілігі орыс тілінде жүргізілетінін, бұған себеп істердің сотқа орыс тіліне берілетіндігі талқыланды.

Дөңгелек үстелді өткізудегі басты мақсат аудандық сот әкімшісінің басшысы Аян Құрманғалиева атап өткендей мемлекеттік тілге баса назар аудару болып табылады. Яғни әкімшілік істерді сотқа өткізер алдында, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы сонымен қатар іс-құжаттарын мемлекеттік тілде әзірлеп, тараптарға сот жүргізу тілі қазақ тілі екендігін түсіндіріу жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар мемлекеттік тілде құжат айналымының жүргізілуі мен мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту болып табылатындығына тоқталып өтті.

Сонымен қатар әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша да полиция қызметкерлері хаттама, қаулы және басқа да құжаттарды өздеріне үйреншікті болып кеткен орыс тілінде толтырып, тараптар қазақ ұлтты болғанына қарамастан, істі орыс тілінде сотқа жолдайтындарын, осыған байланысты іс бойынша сот ісі орыс тілінде жүргізілетінін айтты.

Осыған байланысты, Сарқан аудандық полиция қызметкерлеріне құжат айналымындағы қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін ат салысу ұсынылды.

Іс-шара соңында қатысушылар пікір алмасып, өз ойларымен бөлісіп тарқасты.

**Сарқан аудандық сотының баспасөз қызметі.**

## Үздік ару анықталды

Сарқан көпсалалы колледжінің жатақхана ішінде жуырда «Қыздар көктем гүлі» «Қыз сыны-2024» атты байқауы өтті. Сонымен қатар қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әсемдік, әдемілік, іс-қимыл, жүріс-тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіре отырып олардың өнерлерін, ұшқыр ойларын іс-әрекетке деген икемділігін анықтай келе Сарқан көпсалалы колледжінің арнайы пән оқытушысы К. А. Қасымбаева сөз алып, «Қыздар көктем гүлі» «Қыз сыны 2024» атты байқауында қыздарымыздың өнеріне тәнті болып, осындай қазақ қыздарымыз көбейе берсін деген тілегін білдірді. Жарыс нәтижесі төмендегідей:

Бас жүлде иегері - Ансабаева Айым, I орын - Шәріпхан Елнұр, II орын - Төлеубек Жанерке.



Жекелеген номинациялар бойынша: инабатты ару - Сауытханқызы Алтын, көрікті ару - Адамбаева Ажар, өнерлі ару - Айкен Арайлым.

Қыздарымыз өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсетіп, әділқазылардың

мадақтама қағаздарымен марапатталды.

**Ж. БАЙТУГЕЛОВА,**  
Сарқан көпсалалы колледжінің  
жатақхана тәрбиешісі.

## Мамандық таңдауда қателеспейік

Мамандық - адамның өмір бойы айналысатын сүйікті жұмысы. Үлкен жетістіктерге жеткізетін ісі, асқақ арман, мерейлі мақсаттарына апаратын үлкен жолы, дұрыс таңдауды талап ететін басты жауапкершілігі. Адам мамандық таңдауда қателеспеуі маңызды. «Жар таңдауда, мамандық таңдауда қателеспе» деп өте орынды айтылған. Өйткені осы екеуі пенденің өмір жолында мәңгі бірге болады. Мамандық таңдау тек қана оны оқып шығу емес. Мамандық таңдауда ең бастысы ол сенің сүйікті ісің болуы қажет. Өзің қалайтын, жасай алатын, бар ынтаңмен істейтін жұмыс болуы керек. Сондықтан бұл істе дұрыс ойлану, өз жүрек қалауың тындау маңызды. Басында таңдау дұрыс болған жағдайда ғана, оны соңына дейін жақсы нәтижемен жеткізе алады. Қазіргі таңда жастар үшін мамандық таңдау басты проблемалардың бірі десек болады. Көбісі дұрыс таңдау жасамай соңында өздері қиналады. Ақылы оқуға түспеу үшін оңай жол таңдап гранты көп мамандыққа түсе салу қазіргі таңда көптеп кездеседі. Кейде ата-анасын тындап, өзі қаламайтын мамандықты оқиды. Нәтижесінде оқуды бітірген соң не мамандығы бойынша жұмыс таппайды, не бұл жұмысты істегісі



келмей бос жүреді. ҰБТ-дан қажетті бал жинай алмай мүлдем түспейтін де жағдай болады. Әрине бұл қиын, әрі бұл жағдайда таңдауда да жоқ болады. Бірақ бәрі адамның өз қолында! Егерде оқуға түсерде ешкімнің ойына қарамай тек өз ішкі жан дүниесін тындап, берік байлам жасаса дйттеген мақсатына жете алады. Бұны күнделікті өмірде көріп те жүрміз. Белгілі бір салада үлкен жетістіктерге қол жеткізген жандар бұл сөзімізге жарқын мысал. Жас түлек алдымен ата-анасымен ақылдасып, өз қалауын айтуы керек. Өзі қалаған саласын толық зерттеп, сол саланың сұранысын сараптап, жұмыс ерекшеліктерін қарастырып, аталмыш мамандықты жан-жақты білген мейілінше маңызды. Және де сол мамандықпен болашақта істей аламын

ба деген сұрақты да адам өз-өзіне қоюы қажет деп есептеймін. Әсіресе жеке тұлғалық қабілет-қарымын, икемділігін де ескеруі тиіс. Ойындағы мамандықпен жұмыс істейтін таныстары болса, олармен ақылдасу артық болмайды. Толық зерттеп, өз-өзіне сенімді болған соң емтиханға дайындықты бастауы қажет. Ерінбей дайындалу, қайсарлық пен табандылық қажетті балға қол жеткізуге негіз болмақ. Өзі таңдаған мамандығына түсіп, оны толық меңгерген жағдайда ғана, адам сол саланың нағыз шебері атанады. Ол кезде жұмыс іздеуде, ол саламен жұмыс жасауда адамның үлкен қызығушылығында болады. Тіпті жұмыс таппаған жағдайда, сол сала бойынша өзі шағын кәсібін бастауға талпынады. Адам тек шын қаласа ғана көп нәрсеге қол жеткізе алады. Кеудедегі жұдырықтай жүрек қалауының мықтылығы сонша, адамды үлкен жетістікке апар алады. Мамандық таңдайтын жауапты кезде ата-ананың да кеңесі өте маңызды. Ата-анада баласының ойын түсіне білу қажет. Оған қысым жасап, күштеудің мүлдем қажеті жоқ. Себебі болашақта бұл мамандықпен ата-ананың өзі емес, баласы істейді, өмір бойына айналысады. Мамандық таңдау

уақытында ата-ана балаға тек қолдау мен өз ойын білдіруі, жақын тартып досындай кеңесуі керек. Осы таңдауда бала мен ата-ана арасындағы байланыс үлкен рөл атқарады. Өз ойымды қорытындылай келе, қазіргі менің замандастарым мамандық таңдауда ойланып, зор жауапкершілікпен қараса деймін. Өз сеніміне, қалауы мен мүмкіндігіне құлақ асқаны жөн. Тек қана қалау, армандау жеткіліксіз. Өмір бастауында адамды сүріндірмей болашағына апаратын ол оның тағылымды тәрбиесі, парасатпен ұштасқан білімі кез келген азаматты көркейтеді, дамытады және бақытты өмірге апараты. «Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады» демекші әр адам білім алудан, өз-өзін жетілдіруден, ізденуден шаршамауы қажет. Адамды үлкен асуларға жеткізетін ол оның талмай білім алуы мен ерінбей, табанды еңбек етуі. Өз жүрегіңді тында және ерінбей мақсатына жете біл. Өз ісіңнің асқан шебері атанып, ел алғысын арқалағанға не жетсін!

**Арайлым АБАЙҚЫЗЫ,**  
№1 мектеп-гимназияның  
10 сынып оқушысы.



# ПОЛОЖИ СВОЕ СЕРДЦЕ ЧТЕНИЮ



вый корпус школы, оснащенный всем современным оборудованием. В светлую, просторную библиотеку ребята приходят с удовольствием.

Одной из главных задач школьной библиотеки – привитие любви к чтению. С этой целью в библиотеке проводится работа по изучению вкусов и пристрастий читателей, выявлены любимые книги учащихся, оформлена «Золотая полка» самых читающих книг. Работу по воспитанию чтения ведут одновременно учителя и библиотекарь, используя свои методы и учитывая развитие и возрастные особенности читателей. И такое сотрудничество, содружество, сотворчество библиотекаря с классными руководителями, учителями – предметниками становится необходимым условием качественного образовательного процесса в школе.

С целью повышения статуса чтения, читательской активности и развития читательской грамотности у детей проводятся разные мероприятия. В течение года систематически проводятся рейды с целью проверки состояния учебников, беседы о бережном обращении с учебником, проводился урок – практикум «Будь здорова, книжка!», на которой учащиеся начальных классов делают простой ремонт книг, мастерят закладки для книг. В каждом классе собраны классные би-

блиотеки, откуда можно свободно взять книжку на перемене или на несколько дней домой, куда можно положить свою книгу, с рекомендацией одноклассников ее прочитать.

Учитель литературы Баннова Т.В. посоветовала своим воспитанникам вести дневники чтения и тетради отзывов, где ребята делятся впечатлениями о прочитанных книгах. Дети не только заметят, что станут больше читать, но и научатся дискутировать, анализировать высказывания собеседников, отстаивать свое мнение. Наконец, они начнут больше общаться, а общение по интересам, как известно, еще больше скрепляет отношения между людьми.

В рамках проекта «Читающая школа» учитель русского языка и литературы Баннова Т.В. и библиотекарь школы провели информационно – познавательный час на тему: «Читающий человек – успешный человек». В мероприятии приняли участие учащиеся 8 класса, где библиотекарь рассказала о книжной культуре, о пользе чтения и провела интерактивную беседу на тему: «Зачем нужны книги?», заслушали рассказы ребят по теме: «Моя любимая книга». Была проведена викторина насколько хорошо учащиеся знают элементы книги. Декада начальных классов была посвящена 130 -летию казахского писателя, поэта, драматурга Сакена Сейфуллина, где проводились различные мероприятия с детьми, символизирующие единство и согласие между народами, интеллектуальные состязания, вечер поэзии, конкурсы, презентации, рассказывающие о жизни и творчестве поэта и писателя. К каждой предметной недели учащиеся под руководством учителя выпускают стенгазеты, готовят презентации, оформляют стенды, фотографии «Человека читающего». С целью при-

общения детей к чтению, активизации познавательной активности в школьной библиотеке проводятся мероприятия, способствующие развитию интереса обучающихся к чтению и книге, а через чтение книг к процессу деятельного познания мира. С огромным удовольствием наши читатели откликнулись на участие в акции «Я люблю читать!», проводимой в рамках проекта «Читающая школа». Презентацией проекта были выпуски стенгазет, творческие работы ребят, презентации. И, конечно же, эта работа не была столь успешной без заинтересованности, творческой поддержки всего педагогического коллектива.

